

Тоталитаризм құрбандарына ескерткіш тұрғызу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 4 мамырдағы N 126

"1997 жылды жалпы ұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын еске алу жылы деп жариялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 30 желтоқсандағы N 3299 U963299_ Жарлығын және "1997 жылды Жалпы ұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын еске алу жылы деп жариялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 20 қаңтардағы N 86 P970086_ қаулысын жүзеге асыру үшін:

1. Т.Б.Сүлейменовтың, К.Ж.Монтахаевтың, А.А.Кенжетаевтың, А.Б.Ордабаевтың құрамында авторлар тобы дайындаған Ақмола қаласына орнатылатын тоталитаризм құрбандарына ескерткіштің жобасы бекітілсін.

2. Ақмола қаласының әкімі тоталитаризм құрбандарына ескерткіш тұрғызу жөніндегі бас тапсырысшы болып айқындалсын.

3. Ақмола қаласының әкімі:

1997 жылдың 20 мамырына ескерткіш тұрғызу үшін бөлінген учаскенің құрылыстың басталуына әзірлігін қамтамасыз етсін;

тендерлік негізде бас мердігерді айқындасын;

1997 жылдың 24 қазанына Ақмола қаласында тоталитаризм құрбандарына ескерткіш тұрғызу жөніндегі жұмыстарды аяқтасын және оның маңайындағы аумақтардың көріктендірілуін қамтамасыз етсін

4. Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі Ақмола қаласының әкімімен және "Қаздизайн" акционерлік қоғамымен бірлесіп бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімі бойынша тоталитаризм құрбандарына ескерткіш тұрғызуға арналған шығыстардың сметасын жасасын және оны бекітсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1997 жылға мәдениетке арналып көзделген жалпы қаражаттың есебінен, бекітілген сметаға сәйкес тоталитаризм құрбандарына ескерткіштің жобалау жұмыстары мен құрылысын қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

6. Жобалау құжаттамалары бекітілгенге дейін жекелеген сызбалар мен құжаттар бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын қаржыландыру мен орындауды шешсін.

7. Ескерткіш тұрғызу жөніндегі жұмыстарды үйлестіру және осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Ақмола қаласының әкімі мен Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК